Қазақстан Республикасы
Қызылорда қаласы
«Шериф-Н»
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Товарищество с ограниченной
ответсвенностью
«Шериф-Н»
Республика Казахстан
город Кызылорда

Юридический адрес: РК, г. Кызылорда, пр. Н. Назарбаева №42, телефон/факс: +7(7242)23-22-06, +7(7242)23-22-66 e-mail:too.sherifn@mail.ru

Исх 45
от 16.03.2021г.

ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік
аудит комитетінің
Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
департаментіне

№5498809-1 «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының теңгеріміндегі нысандарды күзету бойынша қызметтерді сатып алу»

«Шериф-Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі №5498809-1 «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының теңгеріміндегі нысандарды күзету бойынша қызметтерді сатып алу» конкурсының *(әрі қарай - Конкурс)* қорытынды хаттамасымен келіспейді және келесі негіздер бойынша қайта қаралуға жатады деп есептейді.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының **«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27 бабы, 5 тармағында**, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауына жол бермейтіндігі көрсетілген. Яғни алдын ала рұқсаты беру туралы хаттамада біздің өтінімізді конкурстық комиссия мүшелері *«Прикреплены копии свидетельств на А.Жолымбетова, Н.Жанзакова, А.Шапагатова. Копии удостоверений личности на Ж.Альменова, А.Сермаганбетова. Отсутвтует удостоверение личности на А.Нажмадинова. Стаж работы М.Калмуратовой не подтверждается. Отсутствует документ, подтверждающий трудовые отношения с М.Кулбатыровым»* негіздемесі бойынша қабылданбаса, қорытынды туралы хаттамада *«Замечания, указанные в протоколе предварительного допуска исправлены частично. Согласно сведениям трудовой книжки и трудового договора М.Кулбатыров не является охранником. Согласно условиям конкурсной документации количество охранников должно быть 59 чел. Согласно п.5 сведений о квалификации по трудовым ресурсам необходимо приложить электронные копии подтверждающих документов. Удостоверения личности Ж.Альменова, А.Сермаганбетова, свидетельство охранника А.Шапагатова полностью не воспроизводят вид подлинного документа. В соответствии с п.п.5 п.3 Правил осуществления государственных закупок электронная копия документа – документ, полностью воспроизводящий вид и информацию (данные) подлинного документа в электронно-цифровой форме, удостоверенный электронной цифровой подписью*

заявителя» негіздемесі бойынша жіберілмеді. Бұл екі хаттамадағы ескертпелер екі түрлі жазылған.

Екіншіден, қорытынды туралы хаттамада Ж.Альменовтың, А.Сермаганбетовтың, А.Шапағатовтың растаушы құжаттары түпнұсқа құжаттың түрінде ұсынылмаған деп көрсетілген. Бұл ретте конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасына сәйкес аталған қызметкерлердің жеке басын куәландыратын құжаттың, күзет куәлігінің, еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының және бірыңғай зейнетақы қорына аударылған жарналардың электрондық көшірмелері толық ұсынылған. Сондай-ақ, ұсынылған құжаттар көшірме түрінде болса да қызметкер туралы мәліметтер толығымен көрсетілген және жүктелген құжаттар мекеме басшысының электронды-цифрлық қолтаңбамен расталған.

Қазақстан Республикасының **«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 1 бабының 12 тармақшасына сәйкес**, электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат болып табылады.

Бұдан өзге **«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V Заңының 7 бабының 1-тармағына сәйкес**, жеке басты куәландыратын құжаттар тегін, атын, әкесінің атын; туған күнін, айын, жылын және жерін; туу туралы куәлікті қоспағанда, жынысын; қай ұлтқа жататынын; туу туралы куәлікті қоспағанда, азаматтығын; туу туралы куәлікті қоспағанда, фотосуретін; құжатты берген органның атауын; туу туралы куәлікті қоспағанда, құжаттың берілген күнін, айын, жылын, нөмірін, қолданылу мерзімін туу туралы куәлікті қоспағанда, құжаттар иесінің қойылған қолын қамтуы тиіс.

Сондай-ақ, **«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V Заңының 22 бабының 1 тармағы, 1) тармақшасында,** осы Заңның 7-бабы 1-тармағының 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген деректер (туу туралы куәлікті қоспағанда) болмаған жағдайда жеке басты куәландыратын құжат **жарамсыз деп танылады** деп көрсетілген. Яғни шағымда көрсетілген заңнамалардан өзге негіздемемен конкурсқа жіберілмеді деп тану дұрыс емес.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің №648 бұйрығының 168 тармағында өтінімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателіктер болса, ол конкурстық құжаттама талаптарына сай деп танылатындығы көрсетілген.

Үшіншіден, «Күзет Моторс» ЖШС өтінімі бойынша:

Конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасының еңбек ресурстары бөлігінде жұмыс өтілі ***2 жылдан кем емес 59 бірлік күзетші*** талап етілгендігі белгілі. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 35 бабына сәйкес төмендегі құжаттар қызметкердің жұмыс өтілін растайтын растайды:

1. еңбек кітапшасы
2. еңбек шарты
3. жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірме
4. қызметкердің жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірме
5. қызметтік тізім (послужной список)
6. БЖЗҚ үзінді көшірмелер

7. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан үзінді көшірмелер
8. Қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама.

Ал, конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасының ескертпелер бөлігінде жұмыс тәжірибесі талап етілсе, ҚР Еңбек Кодексінің 35 бабының 1,2,3,4,5,8 тармақшаларында көзделген құжаттардің бірі және БЖЗҚ қорынан немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан үзінді көшірмелер ұсынылуы тиіс.

Бұл ретте әлеуетті өнім берушімен ұсынылған қызметкерлердің *(Исаев Абдулвахид, Жедилахунов Нургельды, Смагулов Асембек, Ахметов Канат, Аязбаев Сайлаубек, Альменов Аскар)* ҚР Еңбек Кодексінің 35 бабының 1, 2, 3, 4, 5, 8 тармақшаларында көзделген құжаттардің бірін ұсынудың орнына жұмысқа қабылданғандығы жөніндегі бұйрық берілген.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың 1-4 қосымшасының материалдық ресурстар бөлігінде күзет қызметін жүзеге асыруға арналған арнайы үй-жай *(помещение)* сұратылған. Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжатында *(шарт)* жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем *(31.12.2019 жылға дейін*) екендігі анықталып отыр.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 35 бабы, 1 тармағына сәйкес жеке кәсіпкерлікті құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу дара кәсіпкер ретінде мкмлекеттік тіркеу кезінде мәлімделген тұрған жері бойынша мемлекеттік кірістер органында дара кәсіпкер ретінде есепке қоюды білдіреді. Кәсіпкерлік кодексінің 33 бабы 2 тармағына сәйкес азамат, қандас кәсіпкерлік қызметіне байланысты мәмілелерді жасаған кезде өзінің дара кәсіпкер ретінде әрекет ететінін көрсетуі тиіс. Кәсіпкерлік кодексінің талаптарына сәйкес, дара кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркеусіз қызметіне тыйым салында.

«Күзет Моторс» ЖШС-нің жалға алынған күзет қызметін жүзеге асыруға арналған арнайы үй-жайдың *(помещение)* жалдау туралы шартында жеке тұлға Р. Нуртилесованың дара кәсіпкерлік субъектісі екендігі көрсетілмеген әрі мөрі қойылмаған.

<u>Төртіншіден,</u> «Орда Секьюрити» ЖШС өтінімі бойынша:

Конкурстық құжаттаманың 1-4 қосымшасының материалдық ресурстар бөлігінде күзет қызметін жүзеге асыруға арналған арнайы үй-жай *(помещение)* сұратылған. «Орда Секьюрити» ЖШС тарапынан жалға алынған күзет қызметін жүзеге асыруға арналған арнайы үй-жайдың *(помещение)* жалдау туралы шартында жеке тұлға Р. Акимованың дара кәсіпкерлік субъектісі екендігі көрсетілмеген әрі мөрі қойылмаған.

Әлеуетті өнім берушімен №6 қосымшада ұсынылған барлық күзетшілердің Еңбек Кодексінің 35 бабының 1, 2, 3, 4, 5, 8 тармақшаларында көзделген құжаттардің бірін ұсынудың орнына жұмысқа қабылданғандығы жөніндегі бұйрық берілген.

Жоғарыдағылардың негізінде конкурстың қайта қаралуы, «Шериф-Н» ЖШС өтінімін конкурстың қорытынды сатысына жіберу және «Күзет Моторс» ЖШС-гі мен «Орда Секьюрити» ЖШС - нің өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес емес деп тану сұралады.

«Шериф-Н» ЖШС директоры **М. Кулбатыров**